

Қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша Нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2002 жылғы 17 қыркүйектегі N 701 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 14 қазанда тіркелді. Тіркеу N 2011. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушысының 2010 жылғы 30 қыркүйектегі № 442 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2010.09.30 № 442 (2011.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

К е л і с і л г е н :

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттік төрағасы
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 1 8 қ ы р к ү й е к

Қазақстан Республикасында әуе көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдауға байланысты жұмыстарды ретке келтіру және одан әрі жетілдіру мақсатында
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса берілген қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша Нұсқаулық бекітілсін.
2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының орынбасары К.Т.Жанабергеновке жүктелсін.
3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Т ө р а ғ а

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Көлік және коммуникациялар министрлігінің Азаматтық авиация комитеті төрағасының 2002 жылғы 17 қыркүйектегі N 701 бұйрығымен бекітілген

Азаматтық әуе кемелерімен қауіпті жүктерді тасымалдау
ж ө н і н д е г і н ұ с қ а у л ы қ

1. Азаматтық әуе кемелерімен қауіпті жүктерді тасымалдау жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) Қазақстан Республикасында 1992 жылы 2 шілдеде N 1503-ХІІ бекітілген "Әуеде қауіпті жүктерді қауіпсіз тасымалдау" Халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияға 18-Қосымшаның Әуемен қауіпті жүктерді қауіпсіз тасымалдау жөніндегі техникалық нұсқаулықтарында, Doc 9284-AN/905 (бұдан әрі - Техникалық нұсқаулықтар), және осы Нұсқаулықта көрсетілген талаптар мен ережелерді сақтау кезінде әуе кемесіне және оның ішіндегі жолаушыларға қауіп төндірмей қауіпті жүктерді тасымалдауға мүмкін болатын кездегі ұшу қауіпсіздігінің осындай деңгейін қамтамасыз етумен бір мезгілде тасымалдарды жеңілдетуге бағытталған шарттарды белгілейді.

2. Қауіпті жүктерді тасымалдауға жіберу

2. Қауіпті жүктер азаматтық әуе кемелерімен тасымалдауға жөнелтуші ұйымдар мен азаматтардан және олардың мекен-жайына қабылданады.

3. Қауіпті жүктер, егер олар тиісті тәртіп бойынша топтастырылмаса, құжаттары болмаса, сертификатталмаса, тізімделмесе, буып-түйілмесе, қауіпсіздік белгілері болмаса және тасымалдауға тиісті жағдайда болмаса т а с ы м а л д а у ғ а ж а т п а й д ы .

4. Тасымалдауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 маусымдағы N 695 P020695_ қаулысымен бекітілген Азаматтық әуе кемелерімен тасымалдауға арналған қауіпті жүктердің тізбесінде (бұдан әрі - Тізбе) аталған қ а у і п т і жү к т е р қ а б ы л д а н а д ы .

5. Тізбе мен Техникалық нұсқаулықтарда аталмаған жүктер, бірақ физикалық-химиялық қасиеттері бойынша қауіпті жүктерге жататын жүктер азаматтық әуе кемелерімен тасымалдауға оларды тек тиісті класқа немесе санатқа жатқызғаннан кейін ғана жіберіледі.

6. Азаматтық әуе кемелерімен тасымалдауға тыйым салынған қауіпті жүктерді, басқа көлік құралдарымен тасымалдауға мүмкін болмайтын немесе қауіпті жүктерді жедел жеткізу төтенше жағдайларға байланысты болса, уәкілетті орган Техникалық нұсқаулықтардың ережесіне сәйкес соңғының әрекетінен Б о с а т у ғ а ұ с ы н а д ы .

Босату уәкілетті органмен бекітіліп, түпнұсқасы пайдаланушыға беріледі.

7. Қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру үшін пайдаланушының уәкілетті орган берген қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру құқығына мемлекеттік л и ц е н з и я с ы н көрсетеді.

8. Шетел авиакомпаниялары қауіпті жүктерді тасымалдауды уәкілетті органмен берілетін арнайы рұқсатнаманың шарттарына сәйкес және оның негізінде жүзеге асырады. 9. Азаматтық әуе кемелерімен тасымалдауға тыйым

салынған қауіпті жүктер Техникалық нұсқаулықтарда көрсетілген. 3. Қауіпті жүктерді тасымалдауға әуе кемесін әзірлеу 10. Қауіпті жүктерді әуе кемесіне тиеудің алдында: 1) шасси доңғалақтарының астында сақтандыру қалыбының бар екендігіне және тұрақтық тежегіштің қосылғандығына; 2) тиеу жұмысын орындау үшін тұтынушыларға керек емес электр энергиялары өшірілгендігіне; 3) жердегі көлік құралдары үшін сақтандыру қалыбының бар екендігіне; 4) әуе кемесіндегі жүк бөлмесінің желдетілгеніне көз жеткізу қажет. 11. Әуежайлардың (авиакәсіпорындардың) басшылары: 1) жүк тиеуге әуе кемесін қоятын орынды өз уақытында әзірлеуді; 2) жүк тиейтін орында қажетті механизмді құралдардың болуын; 3) өртке қарсы инвентарьлардың, ал күшті әсер ететін улы және уландырғыш заттармен жұмыс істеу кезінде - химияға қарсы қорғаныс құралдарының болуын; 4) тиеу орнын күзетуді және байланыс құралдарының болуын; 5) жүк бөлмесінде қауіпті жүктерді алып келу, тиеу, жайғастыру және бекітудің нақтылы тәртібін белгілеуді қамтамасыз етеді. 12. Қауіпті жүктерді алып жүру (күзету) үшін осы жүктерді күзетудің тәртібі, алып жүрушінің құқықтары мен міндеттері туралы нұсқаулықтан өткен лауазымды адамдар тағайындалуы мүмкін. 4. Техникалық қауіпсіздік және санитарлық тазалық бойынша талаптар

13. Қауіпті жүктермен байланысты жұмыстарға алдын ала дәрігерлік тексерістен және қауіпті жүктерді тиеу/түсіру кезіндегі техникалық қауіпсіздік бойынша нұсқаулықтан өткен адам жіберіледі.

14. Қауіпті жүктермен байланысты жұмыстарға денсаулық жағдайы бойынша шектеулері бар адамдар, 18 жасқа толмаған жасөспірімдер, жүкті және емізуші әйелдер жіберілмейді.

15. Әуе кемесінің экипажы және қауіпті жүктермен жұмыс істейтін адамдар қорғану құралдарымен, залалсыздандыру индикацияларымен (тасымалданатын жүктің түріне байланысты) қамтамасыз етілуі, сонымен қатар оларды пайдалану тәртібімен танысуы тиіс. Жүкті жіберуші осы жүктерге байланысты жұмыс кезінде қолданылатын жеке қорғану құралдарымен, индикациялармен және залалсыздандырғыштармен қамтамасыз етеді. Қорғану құралдарынсыз жұмыс жүргізу үзілді-кесілді тыйым салынады.

16. Қауіпті жүктермен байланысты жұмыс уақытында тамақтануға, ішуге, темекі тартуға, сондай-ақ жұмыс жүргізілетін аймақта арнайы киімсіз жүруге тыйым салынады. Жеке гигиена ережесін қатаң сақтау қажет.

17. Жаңбыр жауып тұрғанда сумен өзара әрекеті кезінде тұтанатын қауіпті жүктерді, сондай-ақ кез келген от қауіпті, қауіпті жүктерді найзағай кезінде тиеуге және түсіруге үзілді-кесілді тыйым салынады. Қозғалтқыш тетіктердің жұмыс істеп тұрған кезінде, әуе кемесіне жанар-жағар материалдарды және арнайы сұйықтықтарды құю уақытында, сондай-ақ техникалық қызмет көрсету

кезеңінде қауіпті жүктерді тиеуге және түсіруге тыйым салынады. 18. Қауіпті жүктерді тасымалдайтын әуе кемелері оларға белгіленген өртке қарсы сақтандыру жабдықтары нормаларынан басқа жүкті жіберушілер ұсынған қосымша өрт сөндіру құралдары болуы тиіс. Мамандар: Омарбекова А.Т.
И к е б а е в а А . Ж .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК